

9 Сәуір
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫНАН ҚАЛЫПТАСҚАН АУЫР ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Бүгін мен еліміздің азаматтарына арнайы үндеуімді жолдап отырмын.

Баршаңызға белгілі, қазір елімізде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болып жатыр. Бұл – табиғи апат.

Мұндай ахуал ұзақ жылдан бері болмаған.

Бұл көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деуге болады. Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында.

Атқарушы органдар жіберген оқшылықтарды түзеу үшін мен шұғыл түрде нақты тапсырмаларды бердім.

Қазір барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр. Үкімет қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салуда. Премьер-Министрдің басшылығымен Республикалық штаб құрылды. Премьер-Министрдің өзі, оның орынбасарлары және Төтенше жағдайлар министрі апат болған аймақтарды аралап жүр. Барлық құтқару жұмыстары менің тікелей бақылауымда. Су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурсы тартылды. Сондай-ақ құтқару жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, Қарулы Күштер және



Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары белсене атсалысып жатыр. Зардап шеккен аймақтардың әкімдіктері күндіз-түні жұмыс істеуде. Ондаған мың волонтер де көмектесіп жүр. Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына

келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы. Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаңызға қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі.

Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни, жіберілген оқшылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес. Апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшы болуы, табиғатқа

немқұрайлы қарауға дейін көп мәселені реттеу қажет. Үкімет және жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп отыруға тиіс. Су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет. Менің бұйрығыммен апатқа қарсы күреске Қорғаныс ми-

нистрлігі қосымша әскери күштерін жолдайды. Халыққа көмектесу үшін Үкіметке мемлекеттік материалдық резервті пайдалануды тапсырамын. Сондай-ақ Үкімет шығындарды өтеудің тиімді жолдарын шұғыл қарастыруға тиіс. Оны зардап шеккен азаматтарға жан-жақты түсіндіру керек. Берілетін өтемақы шығынды толық жабуы қажет. Жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмысты үйлестіру үшін Үкімет басшысының орынбасарларына аймақтарға шығуды тапсырамын. Олар ахуал түзелгенше сол жерде болады. Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабардар етіп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын.

Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымды айтамын. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді.

ОЙЫЛДЫҢ КІРЕБЕРІС ЖОЛЫ ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР



Ойыл селосынан шыға берістегі көпірден айрықша дейінгі аралықтағы шамамен 150 метр жолды тасқын су шайып кетіп, ауданның тең жартысы облыс орталығына қатынау мүмкіндігінен айрылған еді. Екі күн бұрын арнаулы техникалар келіп, жолды жасауға

кіріскен-ді. Ақтөбе облыстық жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Айбек Қайырдың мәліметінше қазіргі таңда жол құрылысының жұмысына бес арнаулы техника мен елуге жуық жүк көлігі жұмылдырылған.



ОЙЫЛ ӨЗЕҢІНЕ ПОНТОН КӨПІР ОРНАТЫЛДЫ



Ақтөбе облысында су тасқыны қауіпі әлі де сақтаулы. Өңірде Асхат Шахаровтың төрағалығымен су тасқынына қарсы жедел штаб жұмысы жалғасуда. Штаб өкілдері қазіргі уақытта Ойыл ауданында жүр. Жергілікті атқарушы органдар, төтенше жағдайлар қы-

зметкерлері, жол саласының мамандары, Қорғаныс министрлігінің әскери инженерлері табиғи апат салдарынан бұзылған Ойыл ауданының орталығы мен Ш.Берсиев ауылының арасында көлік қатынасын қалпына келтіру жұмыстарына кірісті. Яғни, көпірдің орнына қалқы-

малы тірек понтоннан тұратын паром өткелі орнатылды. Уақытша құрылыстың арқасында Ойыл тұрғындары жол қатынасы үзілген ауылдан кедергісіз кіріп-шыға алады. Сондай-ақ, жануарлар, гуманитарлық жүктер және техника тасымалданады. 60 тоннаға дейін жүк көтере алатын

өткелді Қонаев гарнизонының инженерлік-саперлік полкінің мамандары қамтамасыз етеді. Айтып өту керек, судың қарқынды ағысынан жолдың бір бөлігі шайылды. Салдарынан 16 мың халқы бар Ойыл ауылына жол қатынасы үзілді.

t.me/aqtobe_oblysy_akimdig

БІЗДІҢ КҮШІМІЗ — БІРЛІКТЕ!



06.04.2024
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

«ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА, ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНА, ВОЛОНТЕРЛЕРГЕ ЖӘНЕ АПАТПЕН КҮРЕСУГЕ АТСАЛЫСЫП ЖАТҚАН БАРША ЖҰРТҚА АЛҒЫСЫМДЫ АЙТАМЫН»

Туған жерімде болып жатқан су тасқынымен күресуге мүмкіндігінше барлық ресурстар тартылды. Сондай-ақ құтқару жұмыстарына ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, Қарулы күштер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары белсене атсалысты. Тынымсыз

ЕШКІМ КӨМЕКСІЗ ҚАЛМАЙДЫ!



«ОСЫНДАЙ ҚИЫН-ҚЫСТАУ КЕЗДЕ БІР ЖАҒАДАН БАС, БІР ЖЕҢНЕН ҚОЛ ШЫҒАРУ АЙРЫҚША МАҢЫЗДЫ. БІР ЕЛ, БІР ХАЛЫҚ БОЛЫП ЖҰМЫЛЫП, БҰЛ АПАТТЫ ЕҢСЕРЕМІЗ!»

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫНАН ҚАЛЫПТАСҚАН АУЫР ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҮНДЕУІНЕН

Баршаңызға белгілі қазір елімізде өте күрделі жағдай орын алды. Еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, оның ішінде біздің аудан да бар. Бұл - табиғи апат. Ең бастысы адам шығыны болмағаны, дүние орнына келеді. Президентіміз де ешкім көмексіз қалмайды, барлық материалдық шығынды өтейміз деді. Қазіргі таңда ауданымызға жан-жақтан гуманитарлық көмектер келіп, халыққа үлестіріліп жатыр. Алла жеңілдігін беріп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ауызбіршілігі мықты ел екенімізді көрсетейік!

Анар АРАЛҚЫЗЫ,
Аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.

ҚИЫНДЫҚТЫ БІРГЕ ЖЕҢІП ШЫҒАЙЫҚ!



Қасым-Жомарт Тоқаев су тасқынына байланысты қазақстандықтарға үндеу тастады

«Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елімізде су тасқынынан орын алған ауыр жағдайға байланысты жолдаған үндеуін қолдаймыз.

Мемлекет басшысы тасқының зардабын тартқан аймақтардағы азаматтардың бірде-бірі назардан тыс қалмайтынын айтты. Осы сын сағатта бір-бірімізге қолдау көрсетіп, бірлік пен ынтымақты ту етіп, қиындықты бірге жеңіп шығайық!

Гүлноза ШАМУРАТОВА,
Ойыл ауданының білім бөлімінің әдіскері.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елімізде су тасқынынан орын алған ауыр жағдайға байланысты жолдаған үндеуін қолдаймыз.

Мемлекет басшысы тасқының зардабын тартқан аймақтардағы азаматтардың бірде-бірі назардан тыс қалмайтынын айтты. Осы сын сағатта бір-бірімізге қолдау көрсетіп, бірлік пен ынтымақты ту етіп, қиындықты бірге жеңіп шығайық!

Гүлноза ШАМУРАТОВА,
Ойыл ауданының білім бөлімінің әдіскері.

“БІРГЕСІ АЛДЫ – БІНЖЫМАҚ!”

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елімізде су тасқынынан орын алған ауыр жағдайға байланысты жолдаған үндеуін қолдаймыз.

Мемлекет басшысы тасқының зардабын тартқан аймақтардағы азаматтардың бірде-бірі назардан тыс қалмайтынын айтты. Осы сын сағатта бір-бірімізге қолдау көрсетіп, бірлік пен ынтымақты ту етіп, қиындықты бірге жеңіп шығайық!

Зоя ДАУЫЛБАЕВА,
«Қазақ аналар - Достарға жол» ҚБ Ойыл аудандық филиалының төрайымы.

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АҚТӨБЕЛІКТЕРГЕ КӨРСЕТІЛЕТІН КӨМЕК ТҮРЛЕРІ

Су тасқыны: ақтөбеліктерге көрсетілетін көмек түрлері белгілі болды

Бірінші – жылжымайтын мүлікке, тұрмыстық техника мен жиһазға келтірілген залалды өтеу бойынша берілетін өтемақы. Бұл өтемақының түрін төтенше жағдай жарияланған аумақтардың (Әйтеке би, Қобда, Мұғалжар, Ойыл, Темір аудандары мен Ақтөбе қаласының) тұрғындары ала алады. Ол үшін тұрғындар 30 күнтізбелік күн ішінде материалдық шығынды өтеу туралы өтінішке жеке куәліктің көшірмесін, жоғалған немесе бүлінген мүліктің тізбесін қоса отырып, аудан әкімдіктеріне тапсырады. Содан соң, 15 күнтізбелік күн ішінде комиссия үй-үйді аралап, техникалық акт жасап, келтірілген залал шығынын бағалайды. Комиссия шешім қабылдап, қаржы бөлу мәселесін қарастырады. 30 күнтізбелік күн ішінде өтемақы төленеді.

Ал мүлікті бағалау кезінде, келтірілген залал 80%-дан асатын болса, мүлік жойылды деп танылады. Жаңа үй салынады.

Екінші – біржолғы төлем. Бұл төлем төтенше жағдай жарияланған және жарияланбаған, су тасқынынан зардап шеккен әр отбасыға қарастырылған. Төлем көлемі Ақтөбе қаласы және Әйтеке би ауданында 300 мың теңге, қалған аудандарда – 100 айлық есептік көрсеткіш, яғни 369 200 теңгені құрайды.

Біржолғы қаржыны алу үшін үй жағдайын қараған комиссия қорытындысы керек. Өтініш беруші сол қорытынды негізінде төтенше жағдай қызметінен анықтама алып, әрі қарай жұмыспен қамту орталығына жүгінуі қажет. Құжаттар 8 күн ішінде қаралса, 3 күн ішінде біржолғы төлем төленеді.

Үшінші – «Қамқор-Ақтөбе 2024» қоғамдық қорының көмегі. Материалдық шығынды өтеу бойынша комиссия жұмыс істейді.

Төртінші – несиелік демалыс. Су тасқынынан зардап шеккендердің несие төлемдері 3 айға кейінге автоматты түрде шегеріледі.

t.me/aqtobe_oblysy_akimddi

1 ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ, ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКА МЕН ЖИҒАЗҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ БОЙЫНША БЕРІЛЕТІН ӨТЕМАҚЫ

Төтенше жағдай жарияланған аумақтарда

1) **30 күнтізбелік күн ішінде** материалдық шығынды өтеу туралы өтініш (жеке куәліктің көшірмесі, жоғалған немесе бүлінген мүліктің тізбесі);

2) **15 күнтізбелік күн ішінде** өтінішті қарау (комиссия үй-үйді аралап, техникалық акт жасап, келтірілген залал шығыны бағаланады; комиссия шешім қабылдап, қаржы бөлу мәселесі қарастырылады);

3) **30 күнтізбелік күн ішінде** өтемақы төленеді

2 ОТБАСЫҒА БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМ

Ақтөбе қаласы және Әйтеке би ауданы - 300 000 тг
Қалған аудандар - 100 АЕК (369 200 тг)

Комиссия үй жағдайын қарайды, қорытынды шығарады, өтініш беруші сол қорытынды негізінде төтенше жағдай қызметінен анықтама алады;

Әрі қарай жұмыспен қамту орталығына жүгінуі қажет;

Құжаттар 8 күн ішінде қаралып, 3 күн ішінде біржолғы төлем төленеді

3 НЕСИЕЛІК ДЕМАЛЫС

Зардап шеккендердің несие төлемдері 3 айға кейінге автоматты түрде шегеріледі

"ҚАМҚОР-АҚТӨБЕ 2024" ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨРСЕТІЛЕТІН КӨМЕК

Ақтөбе облысы

1 ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ, ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКА МЕН ЖИҒАЗҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ БОЙЫНША БЕРІЛЕТІН ӨТЕМАҚЫ

Төтенше жағдай жарияланған аумақтарда

1) **30 күнтізбелік күн ішінде** материалдық шығынды өтеу туралы өтініш (жеке куәліктің көшірмесі, жоғалған немесе бүлінген мүліктің тізбесі);

2) **15 күнтізбелік күн ішінде** өтінішті қарау (комиссия үй-үйді аралап, техникалық акт жасап, келтірілген залал шығыны бағаланады; комиссия шешім қабылдап, қаржы бөлу мәселесі қарастырылады);

3) **30 күнтізбелік күн ішінде** өтемақы төленеді

Мүлікті бағалау кезінде, келтірілген залал 80%-дан асатын болса, мүлік жойылды деп танылып, жаңа үй салынады

2 ОТБАСЫҒА БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМ

Ақтөбе қаласы және Әйтеке би ауданы - 300 000 тг
Қалған аудандар - 100 АЕК (369 200 тг)

Комиссия үй жағдайын қарайды, қорытынды шығарады, өтініш беруші сол қорытынды негізінде төтенше жағдай қызметінен анықтама алады;

Әрі қарай жұмыспен қамту орталығына жүгінуі қажет;

Құжаттар 8 күн ішінде қаралып, 3 күн ішінде біржолғы төлем төленеді

3 НЕСИЕЛІК ДЕМАЛЫС

Зардап шеккендердің несие төлемдері 3 айға кейінге автоматты түрде шегеріледі

"ҚАМҚОР-АҚТӨБЕ 2024" ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

Демеушілер есебінен қаржыландырылады

Материалдық шығынды өтеу бойынша арнайы комиссия жұмыс істейді

ЕШКІМ КӨМЕКСІЗ ҚАЛМАЙДЫ, БӘРІНЕ КӨМЕК БЕРІЛЕДІ!

ЕҢ БАСТЫСЫ - ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АМАНДЫҒЫ | САБЫР ТҮБІ - САРЫ АЛТЫН ЕКЕНІН ҰМЫТПАЙЫҚ!



«Барлық құтқару жұмыстары менің тікелей бақылауымда»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты үндеуінен

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты жолдаған үндеуін қолдаймыз.

Мемлекет басшысы тасқының зардабын тартқан аймақтардағы азаматтардың бірде-бірі назардан тыс қалмайтынын айтты. Осы сын сағатта бір-бірімізге қолдау көрсетіп, бірлік пен ынтымақты ту етіп, қиындықты бірге жеңіп шығайық!

Ару ТЕЛЕУ,
Ойыл аудандық орталық кітапханасының әдіскері.

Апат айтып келмейді. Елімізде болып жатқан жағдай өте өкінішті. Алайда, тасқын су халықтың жігерін жасытқан жоқ, керісінше халықтың бірлігін арттырды деп ойлаймын. Халқымызда "малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы" - деген тамаша гиратты сөздер бар. Сондықтан мал табылар, жанымыз аман болсыншы. Ең бастысы, ұлт ретінде жігерімізді жасытпайық.

Гүлжан БУЛАЕВА,
"Замандас" аналар клубының төрайымы.

ОЙЫП ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ БӘРІН ЖЕҢЕДІ!

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына үндеуін қолдаймын. Ойыл халқы осы бір қиын кезде бірлесу жұмылып, судан зардап шеккендерге барынша көмек қолын созып, қамқорлық көрсетуде.

Аудан орталығындағы халық туыстарын ғана емес, бөтенге де баспана беріп барымен бөлісуде. Ел азаматтары, жастар бірігіп, қамқорлық ауыл тұрғындарына ыстық тамақ, азық-түлік, сусындарды тегін тасып, күім, төсек-жабдықтарымен көмек беріп, атсалысуда. Мекемелер мен қатар жеке отбасылар үлкен асханаларда ыстық тамақ дайындап, кең жүректігін танытуда. Президентіміз елдің қасіретін түсіне отыра, зардап шеккендерге тұрғын үй құжаттарының бар-жоғына қарамастан, өтініш бере алатындығын сендіре айтты. Ел азаматтары мемлекет басшысының сөзін шегіне дейін адал орындайтынына сенімдімін! Еліміз аман болсын!

Меруерт ФАББАСОВА,
Ойыл аудандық аналар кеңесінің мүшесі, облыстық медиаторлар қоғамының көсіби медиаторы.

ТАБИҒАТ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕУІНІН КӨРСЕТТІ

Бүгінде еліміздің көптеген аймағын су тасқыны әбiгерге салып отыр. Оның артында үрей тұр.

Дегенмен, бұл мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауында тұр.

Президент бүгін су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты үндеуін жариялады.

Онда бұл проблеманың туындауына қандай жағдайлар әсер еткенін атап өтіп, одан шығу жолдары жөнінде пікірін де білдірді.

Расында, Мемлекет басшысы атап өткеніндей, кейінгі жылдарда су шаруашылығы саласына немқұрайлы қарау белең алып кеткенін жасыра алмаймыз.

Кезінде осы мақсатта тәжірибелі мамандар жұмыс жасап, елді тасқын судан аман сақтап қалды.

Жалпы, табиғаттың тосын мінезiне қай уақытта да сақтықпен қарауымыз керек. Өкініштісі, қазір оған көбіміз мән бере бермейміз.

Мәселен, кезінде топан судың елді мекендерге тікелей бармауы үшін су жолдары жай та-

заланып тұратын еді. Бүгінде олардың бірде-бірі сақтала бермейді.

Сондай-ақ, су басу қаупі аймағында орналасқан аумақтарда тұрғын үйлер салынып кетті.

Айналып келгенде, олардың барлығы осындай қиын сәтте жағдайды қиындатып, қаншама шығынға әкеліп соқты. Ендігі кезекте бәріміз су тасқынына әрдайым дайын болу міндеті тұр.

Қысқы уақытта ол ылғалдың жиналуына көктемде сақадай сай болу шарт.

Оған қоса су шаруашылығы саласы мамандарын дайындауға барынша назар аударуымыз тиіс.

Мемлекет басшысы өз Үндеуінде осындай жағдайларды кеңінен қамтып, бұл бағытта алдағы уақытта тиісті іс-шаралардың қолға алынатынын атап өтті.

Қай уақытта да елдің бірлігі мұндай қиын сәттерді еңсере түсетіні белгілі. Сол себепті бүгінгі жіберген қателігіміз ертеңгі күнге сабақ болады деген ойдамын.

Тыныштыбай ШАЛАБАЕВ,
Еңбек ардагері.

КЕРІ БАЙЛАНЫС:

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ЖИІ ҚОЯТЫН САУАЛДАРЫНА ЖАУАПТАР

**КЕРІ БАЙЛАНЫС:
ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТИЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІ
ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ЖИІ
ҚОЯТЫН САУАЛДАРЫНА
ЖАУАПТАР**



Fingramota.kz сіздердің назарларыңызға қаржы пирамидалары мен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл тақырыбы бойынша қазақстандықтардың көкейтесті сұрақтарына жауаптар ұсынады.

Азаматтар ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінен келесі негізгі кері байланыс арналары арқылы консультациялар алуларына болады – бұл мобильді қосымша «Fingramota Online» және +7 (727) 237 1000 нөмірі бойынша call-орталық.

Мобильді қосымша халықтың қаржы реттеушісімен жедел өзара іс-қимылын және кері байланысын нығайту мақсатында 2020 жылғы 25 маусымнан бастап жұмыс істейді. Онда 14 тақырыптық бөлім ұсынылған, аталған бөлімдерде реттеушіге қаржы өнімдері мен көрсетілетін қызметтер жөнінде, алаяқтық жағдайларында қаржы ұйымдарымен, МҚҰ-мен, коллекторлық агенттіктермен өзара іс-қимыл туралы сұрақтар қоюға болады. Қосымшаның «Fingramota Online» арқылы іске қосылған сәтінен бастап пайдаланушылардан 7,4 мың сұрақ қабылданды және өңделді.

Қаржы реттеушісінің қызметі жөнінде ақпараттың қолжетімділігі мен толықтығын арттыру үшін Агенттікте 2021 жылғы 24 мамырдан бастап call-орталық жұмыс істейді, ол арқылы бүгінгі күнге азаматтардан 50,5 мыңнан астам қоңырау түсті. Азаматтар ҚНР-ДА-ға қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар ретінде олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, қаржы нарығына қатысушылармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес алу үшін ғана емес, сондай-ақ бұрын жіберілген өтініштердің мәртебесін нақтылау үшін де жүгінеді. Call-орталықтың жұмыс уақыты: жұмыс күндері сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Сұрақ: Маған сақтандырушы менің картама сақтандыру төлемдерін қайтаруы тиіс, алайда кейбір техникалық қателіктерге байланысты қайтаруды қолмен аяқтауыңыз қажет деген SMS келді. Хабарламада сілтеме көрсетілген, оған өткен жағдайда қайтаруды ресімдеу бойынша нұсқаулар берілген. Сақтандыру компаниялары шын мәнінде мұндай хабарламалар жібере ме, әлде олар алаяқтар ма?

Жауап: Сіз кең таралған алдау схемаларының біріне тап болдыңыз. Қаскүнемдер өздерін сақтандыру ұйымдары не банктер, зейнетақы қоры,

Қазақстан халқына көмек көрсету орталығы, инвестициялық компаниялар және т. б. ретінде таныстырады. Олар сізге немесе сіздің жақындарыңызға жәрдемақы, әлеуметтік төлем, түрлі бонустар тағайындалғаны туралы SMS немесе push-хабарламалар жіберулері мүмкін немесе сіз байқаудың жеңімпазы болдыңыз немесе кез келген мерекенің құрметіне кейдейсоқ ұтыс ойынында жеңіске жеттіңіз деп хабарлауы мүмкін. Сілтемеге өтіп, көрсетілген әрекеттерді (қосымшаны жүктеу, карта деректемелерін, артқы жағындағы үш таңбалы нөмірді, растау кодын және т.б. көрсету) орындағаннан кейін Сіз алаяқтарға банктік шотқа кіруге қалай рұқсат бергеніңізді өзіңіз де білмей қаласыз.

Сіз хабарды жоя отырып, дұрыс әрекет жасадыңыз. Келесі жолы күмәнді сілтемелер бойынша өтпеңіз, SMS қай компанияның атынан келгеніне назар аударыңыз және сол ұйымның веб-сайтында көрсетілген ресми нөмірлер бойынша ғана өз бетіңізше қоңырау шалыңыз.

Сұрақ: Дипфейк деген не және қылмыскерлер оны алаяқтық мақсатта қалай пайдаланады?

Жауап: Дипфейк – бұл адамның бет-әлпетін немесе дауысын синтездеуге арналған бірқатар алгоритмдердің нәтижесі.

Бұл міндетті шешу үшін қолданылатын негізгі алгоритмдер генеративті-қарсылас желілерге негізделген. Осылайша, адамды, мимиканы және дауысты көшіруге болады. Технология теледидарда және әлеуметтік желілерде адамның цифрлық көшірмесі тележүргізушіні немесе блоггерді бейнелей алатын кезде қолданылады.

Дипфейктерді қолдана отырып жасалатын алаяқтықтың бірнеше әдісі бар. Мысалы, банктік шоттарға қол жеткізу және жалған кредиттерді ресімдеу үшін біреудің жеке куәлігін қолдан жасау, қаржылық транзакциялар жасау және кредиттік алаяқтық схемаларын жаңғырту үшін жалған тұлғаны синтездеу, оның онлайн қызметтері мен шоттарына қол жеткізу үшін қайтыс болған адамның деректерін пайдалану.

Сұрақ: Соңғы уақытта алаяқтар маған, жұбайыма және ата-анама жиі қоңырау шалууда.

Олар өздерін банктің қауіпсіздік қызметі қызметкерлері ретінде таныстырады, біз олардың қылмыскерлер екенін түсінеміз. Алайда, шы-

нымен де банктен қоңырау келіп тұссе, оны қалай ажыратуға болады?

Жауап: Телефон алаяқтары азаматтарды алдау үшін әртүрлі схемаларды қолданады. Ең жиі кездесетіндердің бірі банктің атынан қоңырау шалу болып табылады. Қаскөйлердің басты мақсаты – сіздің ақшаңызды иемдену. Сіздің атыңызға жалған кредиттің ресімделгені туралы Сізге қоңырау шалғанын айтуы мүмкін. Алаяқтар алдауды телефон қоңырауынан бастап, ықтимал құрбандарды WhatsApp немесе Telegram арқылы олармен хат алмасуды жалғастырады: олар өздерінің банк қызметкерлері екенін растау үшін жалған құжаттарды жібереді, сондай-ақ «ақшаны сақтап қалу» жөніндегі нұсқауды жібереді. Бұдан басқа, алаяқтар сілтемелерге өтуді немесе Any Desk немесе TeamViewer сияқты әртүрлі қосымшаларды жүктеп алуды сұрайды. Олардың көмегімен банктік қосымшасы бар басқа біреудің мобильді құрылғысына қашықтан қосылуға болады және иесінің қатысуынсыз және оның келісімінсіз ақшалды қаражатты өздеріне ала алады.

Сондықтан алаяқтардың құрбаны болмас үшін бірнеше маңызды ұсынымдарды білген жөн. Егер қоңырау шалған адам «қарсы кредит» ресімдеуді, қаражатты «қауіпсіз шотқа» аудару сұралса, біле жүріңіз – бұл алаяқтар. Банк қызметкерлері ешқашан асықтырмайды немесе клиентті қорқытпайды, тіпті бірінші қоңырау шалу кезінде жеке деректерді сұрамайды.

Банк алдымен күдікті операцияны бұғаттайды, содан кейін ғана клиентке қоңырау шалады.

Егер сіз шын мәнінде банктен қоңырау шалынғанына күмәндансаңыз немесе бұл фишинг, яғни телефон алаяқтары деп ойласаңыз, өзіңіздің банкіңізге ресми нөмір бойынша қайта қоңырау шалуды ұсынамыз.

Егер сіз алаяқтарға өзіңіз туралы және өзіңіздің картаңыз туралы құпия ақпаратты беріп қойсаңыз, дереу банкке хабарлаңыз және құқық қорғау органдарына өтініш жазыңыз.

Сұрақ: Қаржы пирамидасын қалай ажыратуға болады, олар өз қызметтерін, әсіресе интернетте әртүрлі қызмет саласы ретінде жасырып көрсетеді ғой.

Жауап: Қаржы пирамидасын ажырату үшін оның мынадай негізгі белгілерін білу қажет: - қаржы нарығында ақша қаражатын тарту жөніндегі қызмет-

ті жүзеге асыру және/немесе ұйымның қызметін дәл айқындау үшін берілген уәкілетті органның лицензиясының болмауы;

- ағымдағы нарық деңгейінен бірнеше есе жоғары және өте жоғары табыс табуға уәде беру;

- жаңа қатысушыларды тартқаны үшін қаражат төлеу;

- «инвестициялық» жобаларға инвестиция салған кезде табыс табатыныңызға келіпдік беру;

- БАҚ-тағы, интернеттегі ауқымды жарнама;

- құрылтайшылар, құрылтай құжаттары, қаржылық көрсеткіштер және қызмет нәтижелері туралы ақпараттың болмауы; есептіліктің болмауы; активтер мен инвестициялау бағыттары құрылымының айқын болмауы;

- меншікті негізгі құралдардың, басқа қымбат активтердің болмауы және т.б.

Егер ақша салуға шақыратын компанияда жоғарыда сипатталған белгілердің кем дегенде бірнешеуі болса, оның сенімділігі туралы ойланған жөн.

Мұндай ұйымның жарнама-сын көрген уақытта дереу құқық қорғау органдарына – тұрғылықты жеріңіз бойынша ҚР Ішкі істер министрлігіне, сондай-ақ ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне және ҚР Қаржылық мониторинг агенттігіне жүгініңіз.

Сұрақ: Маған WhatsApp желісіндегі бейнеқоңырау арқылы ресми органның киімін киген ер адам қоңырау соғып, өзін ҰҚК қызметкері ретінде таныстырды. Ол тергеу жүргізіп жатқанын айтып, менің жұмыс орным туралы сұрақтар қойды, ақша жоғалтқаным немесе жоғалтпағаным туралы, банктерде депозиттерімнің бар не жоқ екені туралы сұрады. Ақша туралы сөз болғанда мен сезіктеніп қалдым, қоңырауды тоқтатып, нөмірді бұғаттап тастадым. Бұл алаяқтықтың жаңа түрі ме?

Жауап: Иә, бұл кезекті алаяқтық схемасы. Қылмыскерлердің алдауына сенбеңіз, өзіңіз туралы және қаржылық жағдайыңыз туралы ақпаратты ашпаңыз.

Егер сіз өңімінен жалғастыра берсеңіз, онда қаскөйлер сіздің телефоныңызға қашықтан қол жеткізуге арналған қосымшаны жүктеуге немесе банктік шоттарыңыздан ақша аудару үшін қажет SMS кодтарын атауға көндірер еді.

Егер сіз немесе Сіздің жақындарыңыз осындай алаяқтық түрлерімен бетпе-бет келсе, онда сіз олардың атынан алаяқтар қоңырау шалып отырған тиісті органдарға немесе ұйымдарға хабарлауыңыз керек. Естеріңізге сала кетсек, қаржылық қызметтерді тұтынушы ретіндегі өз құқықтарыңызды қорғау үшін Агенттікке ресми өтінішпен жүгіне аласыз: жазбаша – А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3 шағын ауданы, 21 үй, сондай-ақ электрондық үкімет порталы арқылы Egov.kz, e-Otinish сервисі немесе аймақтық өкілдер басқармасы арқылы – аймақтық тиістілігі бойынша. Сондай-ақ, 2023 жылғы 23 наурыздан бастап Агенттіктің Қоғамдық қабылдау бөлмесі жұмыс істейді, онда азаматтар ақпараттық-анықтамалық сипаттағы консультациялар ала алады және реттеушінің қызметіне қатысты мәселелерді жедел шеше алады.

ЕКІ АУЫЛ ОЙЫЛҒА КӨШІРІЛЕДІ

Ойыл ауданы бойынша КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ ЕКІ АУЫЛДЫ ТОЛЫҚ СУ БАСУ ОРЫН АЛДЫ.

Олар Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты Қаратал ауылы, Ойыл ауылдық округіне қарасты Екпетал ауылы. Екпетал ауылы Ойыл ауылынан 5 шақырым жерде орналасқан. Екпетал ауылының тұрғылықты жері - оятаң, дамбымен қоршалған. Ауыл тұрғындары эвакуацияланып, Ойыл ауданы орталығына көшірілді. Облыс әкімі А.Шахаровтың тапсырмасына сәйкес су тасқынынан зардап шеккен ауыл тұрғындарына тұрғын үй салу үшін жер Ойыл ауылынан берілетін болды. Бұған дейін де, бүгін де «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында Екпетал ауылы тұрғындарымен кездесу ұйымдастырылып, тұрғындардың келісімі негізінде Ойыл ауылынан тұрғын үй салу көзделіп отыр. Қазіргі таңда Ойыл ауылы бойынша 482 – 690 учаскелері аралығындағы аумақта бос орындар бар. Тұрғын үй салуға арналған инфрақұрылым, яғни газ, су толық жүргізілген. Екпетал ауылы тұрғындарына осы учаскелерде тұрғын үй салу жоспарланып отыр. Жоспарға сәйкес бұл аумақта 1500 балаға мектеп құрылысы мен 90 бүлдіршінге балабақша салуға орын белгіленді. Ойыл ауылының негізгі жаңа құрылыстары осы бағытта салынып жатыр, тұрғын үй салуға толық мүмкіндік бар.

ТАСҚЫННАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ ҚОР АШЫЛДЫ.

«ҚАМҚОР-АҚТӨБЕ 2024»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУҮШІН ЖИНАҚ

АО «Kaspi Bank»

KZ38722S000035957349
БИН 240 440 001 734 КБЕ 18

#kushbirlikte

БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ ☎ 410-040

«ҚАМҚОР-АҚТӨБЕ 2024»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУҮШІН ЖИНАҚ

ОФ «Қамқор-Ақтөбе 2024»

АО «KASPIBANK»
KZ38722S000035957349
БИН 240 440 001734
КБЕ 18

INSTAGRAM: @qamqor_aqtobe2024

Қор тұрғындардың баспана мәселесімен айналысатын болады. Қарғын су кесірінен қиындыққа душар болғандарға қолдау көрсетемін деген азаматтар үшін қор туралы деректер: «Қамқор-Ақтөбе2024» қоғамдық қоры, Ақтөбе қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 14б, БИН240440001734, KZ38722S000035957349 Kaspi bank АҚ Call-орталық; +7 (7132) 41-00-40 @qamqor_aqtobe2024

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редакторы Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1409 дана. Тапсырыс 456 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АМАНГЕЛДІЛІКТЕР АУЫЛЫҢА АТТАНДЫ БІРЖОЛҒЫ КӨМЕК ПЕН ЗАЛАДЫ ӨТЕУ БОЙЫНША ҚҰЖАТТАР ҚАБЫЛДАНУДА



Ойылдың арнасына жақын ауылдың бірі - Амангелді. Өуелден бірлігі бекем ауылдың жігіттері тасқынға тосқауыл болып, түнімен дамбаны нығайтып, осал тұстарын көз ілмей күзетіп, ауылды аман алып қалды. Су арынын көріп, бағамдағандар ауылдағы балалар мен әйелдерді, үлкен кісілерді ертерек Ойылға көшірген еді. Тоң жібігесін, жолдың да жайы белгілі болды. Өткен апта ауылға тіке жолды қалыпқа келтірді. Бес күн Ойылда болған тұрғындар "Өз үйі - өлең төсегіне" оралды. Арнайы көлік ұйымдастырылып, жеткізілді.



АУДАНДА 10 АУЫЛҒА СУ БЕРІЛДІ



Ойылда бұрын-соңды болмаған алапат су тасқыны бірнеше ауылды электр қуатымен жабдықтауда қиындықтар туғызды. Соның салдарынан Ойыл ауданында 11 ауылда орталықтандырылған ауыз су құбыры жұмысын тоқтатты. Қазір ауданда су тасқынының зардабы мен салдарын жою жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ең басты мақсат – елді мекендерді электр қуаты, ауыз су, байланыс жүйелерімен қамту болды. Абырой болғанда, аудан ор-

талығын электр қуаты мен газбен қамту жұмысында кідіріс болған жоқ. Су тартатын ұңғыны электр қуатымен жабдықтау мүмкін болмағандықтан тек ауыз сумен қамту тоқтатылды. Ойылдағы жағдайға бей-жай қарай алмаған «Анвар» ЖШС-нің директоры Талғат Салфиков Ақтөбедегі өзінің мекемесінде тұрған электр қуатын беретін генераторды дереу жөнелтті. Ертесіне генератор Барқынның ортасына жеткізіліп, Ойыл селосына су берілді.

Кейіннен су қайта бастағасын екі күннің ішінде электр бағаналары тұрғызылып, алдымен Ойыл селосын үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жұмыс жүргізілді. Одан кейін үш күннің ішінде тоғыз ауылда орталықтандырылған ауыз су құбыры қосылды. Әзірге Саралжын ауылдық округінің орталығы Кемер селосына орталықтандырылған ауыз су құбырын қосу мүмкін болмай тұр.

С.ХАМЗИН, Ойыл селосы.

2 сәуірден бастап Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары көктемгі су тасқынан зардап шеккен әр отбасыға біржолғы төлем бойынша құжат қабылдап бастады. Қазіргі таңда барлығы 214 отбасыдан өтініш қабылданды. Оның ішінде, Қаратал ауылы - 148, Екпетап ауылы - 43, Жаңабаз ауылы - 13, Көптоғай ауылы - 1, Қайыңды ауылы - 1, Шаруа қожалықтары - 8. Қабылданған құжаттар

8 күн ішінде қаралып, 3 күн ішінде біржолғы төлем төленеді. Барлық қаралған қаржы - 149,8 млн теңге. Төлем енді жүргізіледі. Өтініш қабылдау әлі де жалғасуда. **Р.С 2 СӘУІРДЕН БАСТАП ОЙЫЛ АУЫЛЫ, КӨЮЖАР КӨШЕСІ 69 ҒИМАРАТЫҢДА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ҚАРАТАЛ, ЕКПЕТАЛ, ЖАҢАБАЗ, КӨПТОҒАЙ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНАН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК-**

КЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАДЫ ӨТЕУ БОЙЫНША БЕРІЛЕТІН ӨТЕМАҚЫҒА ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАП БАСТАДЫ. ӨТІНІШ 30 КҮНТІЗБЕЛІК КҮН ІШІНДЕ ҚАРАЛАДЫ. СОНДАЙ-АҚ, ЖЕКЕ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІКТЕРДЕН МАЛ ШЫҒЫНЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕ ТҰРҒАНЫ БАР, БЕЛГІСІЗ СУҒА АҒЫП КЕТКЕНІ БАР 95 ӨТІНІШ КЕЛІП ТҮСКЕН. АЛ, ТҰРҒЫН ҮЙ БОЙЫНША 257 АДАМ ТІРКЕЛГЕН.

АУДАНДА ЭЛЕКТР ҚУАТЫ ТОЛЫҚ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Табиғи апаттан ауданға қарасты бірқатар ауылдық округтерге тартылған электр бағаналары құлап, желісі үзіліп қалған болатын. Бұл жайтты ескерген облыстық «Энергосистема» ЖШС-нің бас инженері Асқар Бектұрғанов арнайы келіп, аудандық «Энергосистема» ЖШС-нің қызметкерлерімен бірге электр жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Су басқан Шығанақ Берсиев

ауылдық округінде әзірше халық эвакуацияланған мектеп пен ауылда үйлерін паналап отырған кейбір тұрғындарға электр қуаты берілсе, Қайыңды ауылдық округіне қарасты Көсембай ауылы, Ш.Берсиев ауылдық округіне қарасты Құмжарған ауылына, Ойыл ауылдық округіне қарасты Ақшатау, Қаракөмер, Қайыңды ауылдық округіне қарасты Ақжар ауылы, Саралжын ауылдық округіне қарасты Кемер,

Бестамақ, Ақкемер ауылдарында зақымданған электр желілері қалпына келтіріліп, электр қуаты іске қосылды. Тағы бір айта кетерлігі, Саралжын, Қайыңды округтеріне қарасты ауылдардағы электр бағаналары мен желілерін қалпына келтіру жұмыстары «Энергосистема» ЖШС-нің бас директоры Марат Аманғалиевтың жетекшілігімен жүргізілді.

Г.БАБАҚЫЗЫ

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ – ҚҰЛЫҚТЫ БАЛАҒА БІЛІМ БЕРУ КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН АУРУЛАРДЫ ҚЫСКАРТУ ҮШІН..

Біздің әрқайсымыз күн сайын әр түрлі әлеуметтік жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуымен кездесеміз: агрессия, қатыгездік, зиянды әдеттер, заңға қарсы іс әрекеттер және т.б. Сонда бірталай сұрақ туындайды. Осындай мінез-құлықтың себебі қандай? Адамның өзіне және маңындағыларға да зиян тигізуіне не апарды. Девиантты мінез-құлық қоғамда ресми дәстүрлі қалыптасқан заңға және нормаларға сәйкеспейтін мінез-құлық. Девиантты мінез-құлық ішкілікке салыну, қараусыз қалу, нашарлық, көмелетке толмағандар арасында қылмыстар және басқа да формада көрінеді. Девианттық мінез-құлық психологтарды, дәрігерлерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін ойлантпай қоймайды. Девиантты мінез-құлық деген не; девиантты мінез-құлық балалармен алдын алу жұмысын ұйымдастыруында комиссияның ролі; девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің психологиялық проблемасы; тәрбиеге қиын бағынатын жасөспірімдердің психологи-

ялық және биологиялық факторлары, сонымен қатар түрлі ауруларға тап болған балалар мінез-құлқының бұзылуы; жасөспірімдердің өміріндегі девианттық құбылыстары. Қазіргі таңда қоғамда жыл өткен сайын қылмыс жасаушылардың жасы жасарып, нашарлық, тәртіпсіздік, девианттық тәртіптегі балалар саны өсіп отыр. Кейбір балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері және қалыптасуына бағынудан келіп туындататын жасөспірімдер. Олар өмірдің ашысын көп көрген, отбасы жылуы болмауынан ұшырасады. Бұл балалардың дамуында кідіріс болады, тіпті физикалық және психикалық аурулар симптомының пайда болуына әкеліп соқтырады. Соның салдары денсаулықтың төмендеуіне себеп

болады, сондықтан да оларды тек педагогтар емес, дәрігерлер де бақылайды.

ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТҮРЛЕРІ:

- Ішімдікке салыну
- Суицидтік мінез-құлық
- Құқық бұзушылықтар
- Ерте кезіндегі жүктілік
- Нашарлық
- Девиантты мінез-құлықтың сыртқы физикалық жағдайларына факторлар енгізіледі: Климаттық, Геофизикалық, Экологиялық.
- Әлеуметтік орта әсерлері де өз ықпалын тигізеді:
 - қоғамдық үрдістер;
 - тұлға бар әлеуметтік топ мінездемесі;
 - микроәлеуметтік орта;
 - жанұядағы берекенің болмауы;
 - ата-ананың «ерекше» қамқорлығы;
 - тәрбие берудегі кемшіліктер;
 - өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
 - өмірлік дағдының болмауы, айналасындағы адамдармен, құрбылармен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;
 - сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау;

- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;
- агрессивтік жарнаманың ықпалды болуы.
- ЖҰМЫС ЖАСАУДА ҚАЖЕТТІ БІЛІМДЕРДІҢ ЖИЙНТЫҒЫ:**
 - әлеуметтік-құқықтық;
 - педагогикалық-психологиялық;
 - медициналық-педагогикалық.
- ҚАЖЕТТІ ІСКЕРЛІКТЕР МЕН ДАҒДЫЛАРДЫҢ ЖИЙНТЫҒЫ:**
 - ұйымдастырушылық-педагогикалық;
 - тәрбиелік-профилактикалық;
 - медициналық – педагогикалық;
 - құрылымдық – құқықтық
- Балаларды тұрмыстағы тіршілік өрекетін қолдауға бағытталған жұмыстар**
 - Баланың білім алу үшін қажетті жағдай жасау, оның денсаулығына, физикалық, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына қамқорлық жасау;
 - Оқушыларға тәрбие мен білім беру, оларға әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;
 - Отасына көмек ретінде оқушыға мектептен берілетін тегін тамақ, материалдық көмек ұйымдастырылады.

Баланың жеке жағдайын ескере отырып, денсаулығын қолдауға және жақсартуға бағытталған жұмыстар
 -Жыл сайын медициналық тексеруден өткізу, балаға емдеу шараларын ұйымдастыру;
 - Баланы спорттық шараларға қатыстыру;
 -Баланың тұрғылықты орнындағы санитарлық - гигиеналық жағдайларын тексеру, ата - аналарына бала денсаулығын нығайтуда мезгілімен тамақтануға кеңес беру;
 - Балалардың ата-аналарына семинар өткізу.
Баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың психологиялық жағдайын түзеді қарастыратын қызметтер
 -Психологиялық диагностика жүргізу;
 -Денсаулығына байланысты түзету сабақтарын жүргізу;
 -Ата-ананы психологиялық жағдайына сүйемелдеу;
 -Жеке сөйлесу, әңгімелесу, кеңес беру, тыңдау, күйзелістен шығу жолдарын бағыттау;
 -Оқуда, әңгімелесуде, көңіл күйлері нашар кезде әлеуметтік-психологиялық оңалту және алдын алу жұмыстары.
НӘТИЖЕСІ:
 Отбасындағы әлеуметтік-пе-

дагогикалық проблемалар есепке алынады. Проблемалардың алдын алу, шешуде уақытылы көмек беріледі. Әртүрлі қоғамдық ұйымдармен байланыс жасалады. Баланың отбасының құқығы қорғалады. Ата-ананың құқықтық сауаптылығы және психологиялық-педагогикалық сауаттылығы арттырылады. Девиантты мінез-құлықты балалардың саны азаяды.
ҚОРЫТЫНДЫ:
 Әр баланың өзінің ерекшелігі бар, оны байқай білу де, оны орайына қарай дұрыс бағытқа сілтей білуде шеберлікті қажет етеді. Қандай қиын бала болса да оның ар-ожданына тиім, жеке ерекшелігін ескеріп, икемі бар жаққа қарай баули білу, қоғамдық таныту, оның алдында айқын мақсат қойдыра білу және оған жетуге көмектесу сияқты сан саналы, тынымсыз тәрбие жұмысы арқылы ғана мақсатқа жетуге болады.Баланы бастан демекші, әуелі бастан ақ балаға дұрыс ықпал, тузу бағдар беру, тәрбие жұмысын бір минут та ұмыт қалдырмау баршамыздың борышымыз.
А.ДЛИМОВА,
Ойыл аудандық ауруханасы психологы.